



Автор: НУРГАЛИЕВА АЙНУРА ИЗДАШОВНА

Пән: Қазақ тілі мен әдебиеті

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Биоалуантүрлілік. Жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер

Тақырып: М.Әуезов. «Көксерек» әңгімесі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.3.6.1 - тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға беру
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар орындай алады: • Нақты ақпараттарды анықтайды. • Перифраз түрінде берілген сұрақтарға жауап береді. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: • Перифраздарды қолданып, сұрақтар дайындайды. Кейбір оқушылар орындай алады: • Перифраз түрінде берілген сөздерді талдайды және мәтін бойынша түйінді ойларын айтады.
Тілдік мақсаттар:	Итаяқ,бұралқытөбет, көкшолаққасқыр,аналықжәнеаталыққасқыр. Талқылауғаарналғансұрақтар: 1. Көксерек әңгімесі қай жылы жазылған? 2. Қасен деген кім? 3. Құрмаштың елі? 4. Көксеректі жеңген иттің аты? 5. Көксерек әңгімесінің тақырыбы?
Құндылықтарды дарыту:	Тарихтың,мәдениет пен тілдің біртұтастығын сақтауға тәрбиелеу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интерактивті тақта, слайдтар, түрлі-түсті суреттер, кестелер
Пәнаралық байланыс:	Тарих,жаратылыстану

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Психологиялық ахуал туғызу «Мадақтама бұрқасыны» Топқа бөлу. Бүгінгі сабағымыздың тақырыбын анықтау үшін «Суреттер сөйлейді» стратегиясы арқылы тақырыпты ашу М.Әуезов. «Көксерек», сабақтың оқу мақсаты мен критерийлері оқушыларға түсіндіріледі. Жаңа сөздермен жұмыс	Стикер

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	Оқылым.1-тапсырма.Мәтінді мұқият оқып,перифраз түрінде берілген сұрақтарға нақты ақпаратпен жауап беріңіз. М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесінен үзінділер беріледі. 1-мәтін Тұтқын болып кеткен көк күшікауыл тұрғыны болды. Көзін ауылға келгесін екі күннен соң ашты. Жұртасырауға көнеді десті. Кішкене Құрмаш Көксерек деп ат қойып алды.Ертенді-кеш айналасынан шықпайды. Өзіне жеке асқұйғыш — итаяқ әзірболды. Бауырын көтеріп, тырбанып жүруге айналған соң, мойнына жіптағылды. Үй ішінен шықпайды. Түн баласында Құрмаш қасына алыпжатады. Сол үшін кәрі әжесінің қойнынан да шығып кетті. Бөлек жатады.Қасында не аяқ жағында, көрпенің астында Көксерек жатады. 2-мәтінКөксерек тамаққа өлгенше ашқарақ еді. Алдына құйып қойған асты әлікүнге қасында кісі қадалып тұрса, жаламайды, жемейді. Жалғыз-ақ кісікөзі тайса болды, қазір жоқ қылады. Бірақ егер тіпті қарны ашып кетсе,өзіне бермеген асты да жеп қояды. Кейде сондай жерде ұсталып, таяқ тажейді. Талай рет оқыста төбесіне таңқ етіп тиген оқтау бойынтызылдатып, шыпыртып тиген қамшыны да татты. Қатты аяздантұмсығының ұшы, езуі ашып, шыдатпай тоңа бастады. Табанына өткенызғар да аяқтарын қарып, қатырып барады. Қайта жортып адырға шықты.Алғашқы рет амалсыздан көкке қарап аузын ашып ышқынғанда, ішінен зордауыс шықты. Күтпеген дауыс. Көксеректің ең әуелгі ұлығаны осы еді. Қарлы елсіз адырды басына көтеріп дауыс салды. Тынбай, ұзақ-ұзақ уақыт ұлыды. Дескриптор -мәтінді мұқият оқиды. -мәтіндегі нақты ақпаратты анықтайды. -перифраз түріндегі сұрақтарға жауап береді. 2 -тапсырма. Мәтіндердің ерекшеліктері мен ұқсастықтарын табыңыздар. Мәтіндердің ерекшеліктері мен ұқсастықтарын 1-мәтін 2-мәтін Шығармашылық жұмыс 1. Қасқырға байланысты мақал-мәтелдер айту 2. Қасқыр туралы қысқаша мәлімет 3-тапсырма. Жеке жұмыс.«Bilimland» тапсырмалары А) Қажетті сөздерді жазыңыз Ә) Дұрыс жауапты таңдаңыз Б) Дұрыс,бұрыс табу В) тест жұмысы Г)Қорытындысын тексеру	«Bilimland» Аудио тыңдау http://yandex.kz/clck/jsredir?bu=3fpg2z&fro алыптастырушы бағалау «Bilimland»
Сабақтың соңы	«Лото ойыны» арқылы қорытындылау 1. Көксерек әңгімесі қай жылы жазылған? (1929 ж) 2. Қасен деген кім? (белгілі аңшы) 3. Құрмаштың елі? (Қараадыр) 4. Көксеректі жеңген иттің аты? (аққасқа) 5. Көксерек әңгімесінің тақырыбы? (Адам-Табиғат-Қасқыр) Кері байланыс «СМС» стратегиясы арқылы оқушылардың келесі сабақта не білгісі келетіндіктері туралы жазады.	Кері байланыс қағаздары
Рефлексия	(Сабақ жүйелі жоспарлағандықтан, сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалады. Оқушылар мәтін мазмұнын түсінеді, сұрақтарға жауап береді, сөздікпен жұмыс істейді. Сабақ жоғары деңгейде өтеді, өйткені оқу мақсаттары дұрыс таңдалды, уақыт тиімді пайдаланылып, саралау жұмыстары да орындалады).	